

"Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 228 Заңы

"Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" 2003 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 19-20, 149-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша "Стандарттау, метрология және сертификаттау", "стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер тиісінше "Техникалық реттеу және метрология", "техникалық реттеу және метрология" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ас тұзы - тағамдық мақсатқа арналған тұз;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) жалған тұз - көрінеу және қасақана өзгертілген (қолдан жасалған) және (немесе) ол туралы ақпарат көрінеу дұрыс емес немесе толық емес болып табылатын жасырын қасиеттері мен сапасы бар тұз;

4) жемдік тұз - мал шаруашылығында мал азығына минералдық қоспа ретінде пайдаланылатын тұз;

5) йод тапшылығы аурулары - ағзаға йодтың жеткіліксіз түсуіне байланысты қалқанша без функциясының бұзылуынан болатын адам ағзасының дертті жай-күйі;

6) йод тапшылығы ауруларының алдын алу - йод тапшылығы ауруларынан сақтандыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі;

7) йодталмаған тұз - йод қосындыларымен байытылмаған тұз;

8) тұзды йодтау - тұзды йод қосындыларымен байытудың өндірістік процесі.";

3) 5-баптың 3) тармақшасы "йод тапшылығы" деген сөздердің алдынан "тұзды йодтау және" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 6-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді";

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Тұздың өндірілуіне, айналымына және қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1 . М ы н а л а р д ы :

1) йодталған тұзды қолдануға болмайтын көрсетімдері бар адамдарға арналған т ұ з д ы ;

2) өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруге арналған тұзды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда өндірілетін және (немесе) өткізілетін ас тұзы мен жемдік тұз йодталуға т и і с .

Йодталмаған ас тұзын әкелудің, өндірудің және өткізудің тәртібін уәкілетті орган б е к і т е д і .

2. Тұзда йодтың болу нормалары, олардың сапасы, қауіпсіздігі, йодтау әдістері, йодтың болуы төмендеген кезде қайта йодтау процесі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, сондай-ақ өзге де нормативтік талаптарға сәйкес келуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында йодталмаған тұз өндірісіне, оларды әкелуге, сондай-ақ өткізуге тыйым салынады.

4. Жалған тұз өндірісіне, оларды әкелуге, әкетуге және (немесе) өткізуге тыйым салынады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті